

ЖШС "Амир 07" "Аманат" жеке балабақшасы
Кезектен тыс педагогикалық кеңесінің
ХАТТАМАСЫ

Күні: 12.03.2026 ж.

Өткізілген орны: ЖШС "Амир 07" "Аманат" жеке балабақшасы

Комиссия төрайымы: Бергенгалиева А.А. – директор

Хатшы: А.Қ. Өмірбай

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму карталарына талдау.

Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелері мен талдау.

МДТО ҮОЖ бойынша тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру.

Тәрбиеленушілерді 1-ші сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Тыңдалды:

А.А. Бергенгалиева мектепке дейінгі ұйымның директоры, қатысушыларды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттаудан өткізу кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығы «Білім беру ұйымдарының өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, алдыңғы оқу жылдарының (2023–2024, 2024–2025) және ағымдағы 2025–2026 оқу жылының нәтижелеріне бағалау жүргізілгенін хабарлады.

Мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау келесі өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1. Оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты және үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестігі.
2. Білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру.
3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.
4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ету және оның жеке даму картасын толтыру.
5. Тәрбиеленушілердің жеке даму карталары бойынша талдау жүргізу.
6. Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жетістіктерін мониторингілеу және талдау.

